



Тәжікенов Қарғабай

1923 жылы 8 наурызда Қостанай облысы Амангелді ауданы Құмкешу елді мекенінде дүниеге келген. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысып, 312-полкта әскери қызметте болған. 1946-1950 жылдары Қарағанды педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген. 1950 жылы Байғабыл ауылының Смайыл елді-мекенінде 1 жыл мұғалім болып істеген. 1951 жылдың қыркүйек айынан бастап Байғабыл жетіжылдық мектебінде бастауыш және жоғары сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген. 1950 жылдан өмірінің соңына дейін Байғабыл орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. Жас ұрпақты тәрбиелеу жолындағы еңбегі үшін «В.И.Лениннің туғанына- 100 жыл» , «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және мерекелік медальдармен, бірнеше мақтау

қағаздарымен

марапатталған.

